

Рим Папалары және Қазақстан **э. Грегор Приходько**

Қазақстан мен Орта Азияға қатысты Бүкілелендік Шіркеудің Алғашқы-жоғары Архидіоцесарларының ерекше назарлары көне тарихына ие. Орта Азия мен Қазақстандағы Шіркеудің дамуына өз уақыттарында қандай да бір қатысы болған бірнеше Понтификтер арқылы бұл тарихын көрсетуге мұнда тырыстық.

ИННОКЕНТ IV, 1243-1254 жж., Петрдің 178-ші мұрагері

Бұқара әлемде Синибальдо Фиески, Лавенья графы. Генуяда шамамен 1170 ж. дүниеге келді. Көрнекті заңгер, дінтанушы және ағыздаушы болды. Әулие Бенедикт монахтар орденіне жатқан. Әулие Петрдің Тағына 1243 ж. сайланды. Нақ Иннокент IV понтификаты кезінде Лионда шақырылған (1245 ж. маусым айында) XIII Бүкілелендік жиылысында Шығыстың кейбір мәселелері талқыланды. Шығыс билеушілерімен дипломатиялық қарым-қатынастарын ұйымдастыруға тырысады. Моңғол империясына елшілер ретінде францискан Джованни де Планкарпино мен доминикан Анри де Лонгжюмо жіберді. 1246 ж. сәуір айында Джованни де Планкарпино Бату ханмен кездесті (Қыпшақ аумағында), ал содан кейін тіпті Моңғол империясының елордасы Қарақорымда орын алған Гүйік ханның сайлануда да басқасында болған. Бірақ тілді нашар білгендіктен және аудармашылардың біліксіз болғандықтан дипломатиялық қарым-қатынастарды ұйымдастыру алғашқы әрекеті табысқа жете алмады. Француз король әулие Людовиктің елшісі францискан Гийом де Рубруктың саяхаты (1253-1255 жж.) жемістірек болып шықты. Рубрук Бату хан баласы Сартаққа христиан сенімінің мәселелерін түсіндіреді. 1254 ж. ортасында Сартақ христиандыққа түпкілікті жүгінеді. Иннокент IV бұл туралы хабарына қуанып, өз қуанышын Сартақ ханға 1254 ж. 29 тамызында жіберілген жазбаша жолдауында кешікпей білдірді.

Папа Иннокент IV 1254 ж. 7 желтоқсанында қайтыс болып, Неапольда жерленді.

УРБАН IV, 1261-1264 жж.

Бұқара әлемде Жак Панталеон Кур Пале де Труа 1185 ж. Труада (Франция) дүниеге келді. Иерусалим латын Патриархы болды. 1261 ж. Папа болып сайланды.

Урбан IV понтификаты кезінде венециялық көпестер Маффео мен Николо Полоның (1261-1269 жж.) Моңғол империясы бетімен белгілі саяхаты басталды. Көпестер Мөңке ханның мұрагері Ұлы хан Құбылай христиандыққа үлкен қызығушылық танытатыны және пұтқа табынушылармен пікірталастарды жүргізуге қабілеті бар жүздеген білімпаздары жіберуге Пападан сұрайтыны туралы Акрадағы папалық легаты Тебальдо Висконтине хабар берді. Еуропаның және әсіресе Киелі Тақтың дипломатиясы кейбір табыстарына жетті. Басқа қағидалары мен мәдениеті бар халықтардың болуының шынайлығын философиялық мен теологиялық тұрғыдан тану, түсіну және талдау қажет болды. «Моңғолцентризммен» түйісіп «еуроцентризм» айрықша жүйе ретінде өз өзіні одан әрі адалдамады. Католиктік Еуропаның университеттік ортасында азиялық халықтардың философиясына, тілдері мен мәдениетіне деген қызығушылық ерекше өсетін болды.

Урбан IV 1264 ж. 2 қазанында қайтыс болып, Перуджада жерленді.

БЕРЕКЕЛІ ГРИГОР X, 1271-1276 жж.

Бұқара әлемде Тебальдо (немесе Тедалдо) Висконти. Пьяченцада 1210 ж. дүниеге келді. Льеждегі (қазіргі Бельгия) шіркеудің архидіоцесары болды. Кардинал болмаса да Папа Клемент IV қайтыс болғаннан кейін 1271 ж. Папа Тағына сайланды және Григор X деген есімін қабылдап 1272 ж. корольдік тәжін кіді. Ол Моңғол империясына Николо Полоның ұлын жас Марко папалық елші ретінде жіберіп, онымен бірге бауырластар Маффео мен

Николоның өзін аттандырды. Сондай-ақ екі доминикан Триполдық Гийом мен Вицендік Николоны қоса жібереді.

1274 ж. Папа Григор Х Лионда кезекті Бүкілелендік жиылысты шақырды. Бұл жиылысқа моңғол ханның делегациясы да келді. Елшілерінің бірі тіпті шомылдыру қабылдады.

1276 ж. жиылыс аяқталғаннан кейін Папа тез арада қайтыс болып, Ареццода жерленді. 1713 ж. Григор Х берекелі деп жарияланды.

НИКОЛАЙ III, 1277-1287 жж.

Бұқара әлемде Джованни Гаэтано Орсини. Шамамен 1210-1220 жж. римдік сенатордың жанұясында туды. 1277 ж. Папа Тағына сайланды. 1278 ж. қазіргі Қазақстан (ең алдымен Қыпшақ) аумағында епархиалды құрылымдарды ұйымдастыруға алғашқы талпыныстар жасады.

Николай III иеромонах Герард де Прато (OFM) мен оның бауырластарына моңғолдарды христиандыққа келтіру және Шығыс Шіркеулермен бірігу миссиясын сеніп тапсырды. Бірақ, өкінішке орай, 1253 мен 1307 жж. арасында Шығыстағы христиан әміршілері басқаратын мемлекеттердің сыртындағы кафедраға бірде-бір епископ қойылмады.

Шамамен 1292 ж. миссионерлік нүктелердің дамуына байланысты Киелі Тақ екі үлкен францискан орденінің шіркеу-әкімшілік аймақтар-викариаттарын құрды: Сарай мен Хазар екі облыс-кустодияларын қамтитын Tartaria Aquilonaris (Солтүстік Моңғолия) және Константинополь, Трапезунд және Тавриз үш кустодияларын қамтитын Tartaria Orientalis (Шығыс Моңғолия). Шамамен 1320-1330 жж. Tartaria Aquilonaris-тен бөлінген және Қиыр Шығыс пен Жоғарғы Азия аумақтарын қамтыған үшінші Қытай викариаты ұйымдастырылды.

Қыпшақ аумағында тұрған францискандар Берке мұрагері Мөңке Темір ханнан (1267-1280 ж.ж.) артықшылықтарды алып, ал дан кейін оның мұрагерлері де Тоқтай (1291-1312 жж.) мен Өзбек (1314 ж. 30 наурызында) хандар бұларды жаңартқан. Аталған артықшылықтар бойынша барлық католик пресбүтерлер әскери қызметінен, арба салығы мен басқа салықтардан да босатылды. Мұның бәрі Шыңғысхан шығарған жалпыға ортақ заңнамасына сәйкес келді. Хандар католик ғибадатханалары мен қоңырауханаларын қорғауға міндеттелді. Жоғарыда аталған құжат бүкіл империя аумағында миссионерлердің тұрақты және реттелген жағдайларын қамтамасыз етті.

Папа Николай III 1280 ж. қайтыс болып, Римдегі әулие Петр шіркеуінде жерленді.

НИКОЛАЙ IV, 1288-1292 жж.

Бұқара әлемде Джироламо Маски да Асколи. Асколиде (Италия) 1227 ж. туған. Францискандық монах, ал содан кейін – орденінің генералы болды. 1288 ж. Папа болып сайланды.

Папа Николай IV миссиялардың өсуіне жан-жақты жәрдемдесті және ізашарлары ашқан жолын жалғастырды. Екі францисканға – папалық пенитенциарий Гийом де Къери мен лектор Матео де Киетиге Азиядағы түрлі ордендердің жағдайына зерттеу жүргізуге сеніп тапсырды. Осы бауырластарға Папа барлық қажетті артықшылықтар мен елшілердің өкілеттіктерін берді. Екі легаттар арқылы парсы илханға жіберілген жолдауларында Папа оны христиандықты қабылдауға шақырады да Харбанде деген ұлдарының бірі, болашақ Олджайду ханның шомылдырылуымен құттықтайды. Рим Папасының құрметіне Харбандеге Николай деген аты қойылған.

Азия әміршілерімен тікелей байланыс жасау үшін миссионерлерге дипломаттардың немесе папалық легаттардың құқықтары кейде арнайы берілген. Дипломатиялық мәртебе оларға көбірек қауіпсіздікті (дегенмен, барлық жағдайларда емес) қамтамасыз етті.

Осындай миссионерлердің бірі 1289 ж. шілде айында Азияға аттанған атақты Джованни де Монтекорвино да болды.

Понтифик моңғол әміршілері Ұлы хан Құбылай мен Хайдуды және Хорасан әмірі Арғунды Христиан дінін қабылдауға шақырып бірнеше жолдауларын оларға жіберді.

Николай IV 1292 ж. қайтыс болып, Римдегі әулие Ұлы Мария шіркеуінде жерленді.

КЛИМЕНТ V, 1305-1314 жж.

Бұқара әлемде Раймон Бертран де Го. XIII ғ. ортасында Гаскониде (Франция) туды. 1316 ж. Папа болып сайланды және Лионда тәж кигізілді.

1307 ж. Папа Климент V Ханбалық (қазіргі Пекин) архиепископиясы мен Моңғол империясының аумағындағы шіркеулік провинциясын құрды. Бұл бүкіл Шіркеу тарихындағы бір ерекше құбылыс болды, өйткені мұндай шешімдер әдетінше елдің әміршісінің католиктік сеніміне жүгінгеннен кейін қабылданатын. Ал Папа моңғол императорларының иманға келтіруін алдын алғандай болды. Ол Ханбалық архиепархиясына кіші бауырластар францискандар орденінен алты епископ-суффраган (көмекшіл) тағайындады. Бұл тағайындауының мақсаты епископалық атақты Джованни де Монтекорвиноға бөлу болды. Жаңа епископтардың тізімінде Ханбалыққа баратын жолда Үндістанда қайтыс болған Николо де Бантра, моңғол астанасына баратын жолда олда Үндістанда қаза тапқан Ульрих Сойфридсторф, 1323 ж. Савона епархиясының кафедрасына аустырылған Гийом де Вилланова, Перуздық Андрео, Герард Альбунини және Перегрино де Кастелло. Соңғы үшеулер Ханбалыққа келіп, 1313 ж. Джованни де Монтекорвиноның епископалық хиротониясын жүзеге асырып, оған бағынышты епископтарына айналды. Ал бауырлас Джованниге архиепископтың барлық өкілеттіліктері мен артықшылықтары бөлінді.

Католиктік құрылымдар XV ғ. да әрекеттерін жалғастырған. Мин әулетін орнатқан (1378-1644 ж.ж.) қытайлықтар моңғолдарды қуып шыққаннан кейін Қытай жабығырақ болып қалып, христиандық бұл елде жоғалып кетті. Апостол Тағы 1690 ж. Пекин епархиясын құрғанда ежелгі Ханбалық архиепископтығы тіпті аталмаған да. Ол туралы естелік іс жүзінде қалмады да. Белгілі дәрежеге дейін бұның себебі географияның жеткіліксіз білімі де болды.

Папа-миссионер 1314 ж. қайтыс болды .

ЖОХАН XXII, 1316-1334 жж.

Бұқара әлемде Жак Дюэз 1244 ж. Каорда (Франция) етікші отбасында дүниеге келді. Заңгер, дінтанушы және Неаполь королінің тәрбиешісі болды. Папалық таққа 1316 ж. сайланды. Алдындағы Климент V сияқты Жохан XXII-де миссионерлік көзқарасынан ең белсенді Папаларының біреуі болып шықты.

Христиандықты қабылдауға дағдылы шақырулардан (мысалы, 1318 ж. 28 наурызындағы Өзбек ханға жіберілген хаты) өз қызметін бастаған Жохан XXII Шығыстағы христиандардың шіркеу-әкімшілік өмірін батылырақ ұйымдастыруына кіріседі.

Жохан XXII-нің Сұлтание провинциясын 1318 ж. құрғаны тағы бір католиктік архиепископ пен алты епископты Шығысқа берді. Миссионерлік епархияларының саны, сайып келгенде, әжептеуір – яғни отыз бір болды. Алмалық (1328 ж. алдында), ал одан кейін – Үргеніш (1340 ж. алдында Арал теңізіне жақын Әмудария жағасында,) епархиялары пайда болды.

Джованни де Монтекорвино қайтыс болғаннан кейін (шамамен 1330 ж.), Жохан XXII аты Николай бір францисканды жаңа епископ болуына тағайындады. Бір айрықша жолдау Ұлы ханға жіберілген болатын (1333 ж. 1 қазанында). Бұл жолдауында Папа архиепископ Николай мен оның барлық серіктеріне қатысты мейірбандық туралы сұрады. Айтпақшы, алан билеушілері өздері де архиепископ Джованнидің мирасқорын жіберуін сұрап бірлескен өтінішті жазды (1336 ж. 11 шілдесінде). Бұл жолдауына Құбылай әулетінен шыққан соңғы Ұлы хан Тоғон Темір де өз хаттарын қосты.

Алмалық епископы Бургундық Ришар ресми тағайындалуын Киелі Тақтан 1338 ж. алды. Сонда тағы бір хат христиан дінін қабылдаған ұлы төре Хансинің жақында жүрген Қарасмон мен Йохананға жіберілді. Папа олардың қамына 1340 ж. серіктерімен бірге азап өлімді алған епископты сеніп тапсырды.

Папа Жохан XXII 1353 ж. 90 жасында қайтыс болып, Авиньонда жерленді.

ПИЙ VI, 1775-1799 жж.

Бұқара әлемде Джананджелло, Браски графы. 1717 ж. Чезенада туды. 1775 ж. әулие Петр тағына сайланды.

XVIII ғ. басы Қазақстан тарихы үшін Ресей империясы біртіндеп аннексиясымен байланысты болды (1731 ж. оған Кіші жүз, ал 1740 ж. Орта жүз қосылды). Бірте-бірте шекара маңындағы аудандарында кейін Қазақстан аумағына кірген Семей (1718 ж.) және Өскемен (1720 ж.) аталған бекіністер негізделді.

Ресей Патшайымы Ұлы Екатерина елінің оңтүстік бөлігі мен Солтүстік Қазақстан аумағындағы шағын колонияларында тұрған неміс және голландық эмигранттардың рухани жағдайы туралы едәуір қамқорлық көрсетті. Шіркеу құрылымдарын реформалаудан кейін ол Могилев архиепархиясын құрды. Екатерина қойған митрополит С. Сестрэнцевич үкіметке ұнамды антиримдік саясатын жүргізсе де, Папа Пий VI шиеленіскен келіссөздерден кейін 1783 ж. бұл жаңа ұйымды мақұлдайды. Ресей тағының мұрагері патша заа Пауыл Петір-ұлы (болашақ Пауыл I) Папамен Римде кездесті. Дәл осы оқиға оның Католик Шіркеуіне танытқан қызығушылығын туғызуы мүмкін.

Пий VI-ға Шіркеуді оның ең қиын кезеңдерінің бірінде басқара келді. Француз төңкерісі сап ете қалғанда бұл қартайған науқас кісі тұтқындалған болып Франциядағы Валанс бекінісіне қамалды. Онда ол 1799 ж. қайтыс болды.

ПИЙ VII, 1800-1823 жж.

Бұқара әлемде Барнаба, Кьярмонти графы. Өте діндар отбасынан шығып, бенедиктин орденіне кірді. Папалық тағына 1800 ж. сайланғаның алдында Имоли кардинал-епископы болды.

Ресейлік императоры Пауыл I белгілі бір ықыласты Киелі Таққа көрсеткен болатын. Француз әскерлері Римге жақындағанда, император Папаға баспана ретінде Ресейді ұсынды. 1800 ж. Пауыл I Орыс және Рим Шіркеулерінің бірігуі туралы Апостол тағымен келіссөздерді бастауға талпыныстар жасады. Императордың 1801 ж. қайтыс болуына байланысты бұл жоба жүзеге асырылмады.

Папа Пий VII 1823 ж. қайтыс болды.

БЕРЕКЕЛІ ПИЙ IX, 1846-1878 жж.

Бұқара әлемде Джованни Мария, Мастаи-Феретти графы, 1792 ж. Сенигальде (Италия) дүниеге келді.

1847 ж. Ресей үкіметі Ватиканмен конкордат жасағандары бұрын болған Шіркеу құрылымдарының ретке келтіруге жағдайын туғызды. Дәл сол жылы Киелі Тақ «Universalis ecclesiae cura» булласы арқылы құрамында Солтүстік Қазақстандағы католик қауымдарын да қамтитін Тирасполь архиепархиясы құрылды. Бұл жаңа епархияның орталығы Сарытауда орналасқан, ал алғашқы епискобы Фердинанд Кан болды. 1857 ж. Сарытау семинариясы да ашылды. Кейінірек осы семинарияда тәрбиеленген көптеген дін қызметкерлер Қазақстанда қызмет етті. Мысалы: Иосиф Вольф пен адам Гаррейс (Қостанайдағы қауым мен Торғайда), Карл (немесе Эдуард?) Гопфауф (Торғай облысында) және Александр Штауб (Қарағандыда).

Пия IX понтификатының соңында бүкіл Шіркеу үшін өте маңызды оқиға, яғни I Ватикан жиылысы орын алды. 1870 ж. сенім және өнегелік мәселелерінде Рим Папасының қатесіздігі туралы догматикалық конституция бірауыздан қабылданды.

Ресей империясының аумағындағы Католик Шіркеуінің бостандығына жетуге сонша қатты ұмтылған Рим Папасы Пий IX 1878 ж. қайтыс болды. Мәсіх Туылуынан торқалы 2000 ж. берекелілер қатарына көтерілді.

БЕНЕДИКТ XV, 1914-1922 жж.

Бұқара әлемде Джакомо, делла Кьеза маркизі. 1854 ж. Генуя маңында туды. Киелі Петрдің тағына Еуропа үшін қиын 1914 ж. көтерілді. Бірінші дүниежүзілік соғыс күрсілде бастады, ал үш жылдан кейін Ресейде социалистік төңкерісі сап ете қалды.

Осы Папаның понтификаты Орыс Православиелік Шіркеуімен біріктіруіне қозғалысының пайда болуымен белгіленеді. 1919 ж. Бенедикт XV В.И. Ленинге Православиелік Шіркеуін қуғындауына қарсы наразылық жіберді. Патриарх Тихон 1920 ж. өз дінбасыларына католиктермен ынтымақтастық жүргізуге батасын берді де бірігуші қозғалысқа деген өз ықыласын білдірді. Бұл қозғалыстың дамуында үлкен рөлді Орыс Грек-католиктік Шіркеуінің экзархы әулие азапталушы Леонид Федоров атқарған. Кейін Патриарх Тихон большевиктердің қысымымен патриарх Тихон Орыс Православиелік Шіркеуінің Католик Шіркеуімен татуласу мүмкін еместігі туралы ресми мәлімдеме жасауға мәжбүр болды.

Папа Бенедикт XV 1922 ж. қайтыс болды.

ПИЙ XI, 1922-1939 жж.

Бұқара әлемде Ахиллес Рати. 1857 ж. Миланның маңында туды.

Пий XI коммунизм мен фашизм қарсы белсенді түрде күресті. Дәл оның понтификаты кезінде 1921-1935 жж. католиктік шіркеу-әкімшілік құрылымдарды латын және византиялық салттарының иерархиясымен бірге толықтай жойылып қалды. Кеңес Одағындағы барлық католиктік ғибадатханалары (шамамен 1200) кейбірлерін қоспағанда жабылды. Дін қызметкерлер Соловки лагеріне немесе Сібірдің және Орта Азияның алыс түкпірлеріне айдалды. 1922 ж. көрілген Кеңес Одағымен (Рапаллода келісім-шарты) бітімге келу талпынысы нәтижесіз болды.

Пий XI 1939 ж. Екінші дүниежүзілік соғысы қарсаңында қайтыс болды.

ПИЙ XII, 1939-1958 жж.

Бұқара әлемде Эудженио, Пачелли маркизі. Римде папалық кеңсесінің қызметкері отбасында 1876 ж. туды.

Пия XII понтификаты кезінде Кеңес Одағындағы Католик Шіркеуі, әсіресе, апостазия жасаудан, яғни православиеге ауысудан бас тартқан Украина грек-католиктері қанды қуғынның қиын уақытын көріп жүрген. Көптеген пресбүтерлер мен епископтар Қазақстан лагерлерінде табылды. Онда олар рухтарын түсірмей рухани тұрғыдан құғында жүргендерге көмектесті. Осылайша, Қарағандыда әр түрлі ұлттары мен салттары пресбүтерлер келеді: берекелі азапталушы Никита Будка (хиротониясы 1912 ж. болған, 1945 ж. 8 жылға сотталды); епископ Александр Хира (хиротониясы 1945 ж. болған, 1945 ж. 25 жылға сотталды); 1948 ж. тұтқындалып, «Қазақстан апостолына» айналған және митрополит Иосиф Слипыйдың тапсырмасы бойынша Қарағандыдағы резиденциясы бар Қазақстан мен Сібірдің апостолық әкімшісі болған берекелі азапталушы Алексей Зарицкий; 1945 ж. тұтқындалып, 20 жылға жуық Қарағандыда қызмет еткен ә. Александр Буковинский.

Фашистік және коммунистік қуғындары кезеңде Шіркеуді сақтап қалуға тырысқан Пий XII 1958 ж. Тәңірімізге рухын тапсырған. «Pastor angelicus», яғни «Періштедей бақташы» деген атағын ол толығымен ақтаған. Қазіргі уақытта Пий XII беатификациясының материалдарын арнайы комиссия белсенді түрде зерттейді.

ЖОХАН ПАУЫЛ II, 1978 ж.

Бұқара әлемде Кароль Войтыла. Вадовицеде 1920 ж. туды. 1978 ж. әулие апостол Петр Тағына сайланды.

Кеңестік Империясы құлап, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жергілікті католиктер бар күштерімен тоталитарлық режим тозаңға шығаруға тырысқан Шіркеуді жаңғыртуға ынталанады. Жохан Пауыл II жаңа Шіркеу құрылымдарын Қазақстанда орнатады. 1991 ж. көктемінде Қазақстан мен Орта Азияның апостолдық әкімшілігі құрылды (яғни оның құрамына Қазақстаннан басқа тағы төрт Республика кірді: Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстан). 1991 ж. 13 сәуірінде епископ Ян Павел Ленга апостол әкімшісі болып тағайындалды. Католиктер рухани өмірдің орталығы және азапталушылар қаласы болған Қарағанды жаңа әкімшіліктің астанасына айналды.

Кейінірек Қазақстан мен Киелі Тақ арасында дипломатиялық қарым-қатынасы орнатылды (дипломатиялық қарым-қатынастарын орнату туралы ноталарымен Қазақстан мен Киелі Тақ 1992 ж. 17 қазанында алмасты). 1994 ж. 9 сәуірінде Мариан Олесь Қазақстандағы апостолдық нунцийі болып тағайындалды. 1997 ж. әкімшіліктің қалған төрт республикадағы католиктері «Sui iuris» мәртебесін алды.

Мәриям – Шіркеуінің анасы қамқорлығындағы жоғары рухани семинариясы құрылған 1998 ж. Қазақстандағы Шіркеуі үшін тарихи болды. Семинарияны басына пресбүтер Иоганн Трай қойылған. Сол жылдың 24 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы мен Киелі Тақ арасындағы өзара ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Бұл оқиға еліміздегі Католик Шіркеуі алдында кең келешекті ашты. Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының арасында осындай қадамды жасаған бірінші мемлекеті болып табылды.

Қауымдар санының өсуіне байланысты жаңа шіркеулік құрылымдары қажет болғандықтан 1999 ж. 6 тамызында Қазақстан апостолдық әкімшілігі «Ad artius consulendum» Папа булласына сәйкес Қарағанды епархиясына өзгертілді. Оның епискобы «Romani est Pontificis» булласы арқасында Оның Қасиетшілігі Ян Павел Ленга болды. Сондай-ақ жаңа үш бөлшектер құрылды: епископ Томаш Пэта басқаратын Астана апостолдық әкімшілігі (еліміздің солтүстігінде), монсеньор Януш Калета басқаратын Атырау апостолдық әкімшілігі (батыста) және епископ-францискан Генри Теофил Хованец басқаратын Алматы апостолдық әкімшілігі. Сонымен қатар «Қазақстан Каритасы» қайырымдылық қоғамдық қоры ұйымдастырылды.

2001 ж. 27 шілдесінде Львовта қылған литургия кезінде Папа Қазақстанда Мәсіх үшін өз өмірлерін қиған екі азапталушы епископ Никит Будка мен пресбүтер Алексей Зарицкийді берекелілерінің қатарына қосты.

Қыркүйек айының 22-25 күндерінде Папа Жохан Пауыл II-нің ескі тілегі орындалды: ол бақташы сапарымен Қазақстан Республикасына, яғни Папаның өзі кейбіреулерін білген азапталушылар жеріне келді. Бұл Папаның 95 бақташы сапары болды.

БИБЛИОГРАФИЯ

– ЗАДВОРНЫЙ В., ЮДИН А, «История Католической Церкви в России. Краткий очерк», Дулие Тома католиктік теология колледжінің баспасы, Мәскеу, 1995 ж.

– Ә. ТЫШКЕВИЧ С., «Советское безбожие и Папство», Римдегі Орыс католиктік семинариясының баспасы, Рим, 1950 ж.

– Ә. ГОЛОВАНОВ С., «Католичество и Россия», Мәриям – елшілердің Патшайымы жоғары рухани семинариясының баспасы, Санкт-Петербург, 1998 ж.

– ГЕРГЕЙ Е., «История Папства», «Республика» баспасы, Мәскеу, 1996 ж.

– КОВАЛЬСКИЙ Я.В., «Папы и Папство», Саяси әдебиет баспасы, Мәскеу, 1991 ж.

– Ә. Приходко Г., «История христианства в Казахстане и Средней Азии в Средние века». Қарағанды епархиясының баспасы, Қарағанды, 2000 ж.

– Ватикан Құпия мұрағаттарының материалдары да пайдаланылды.